

ҚАМДАНҒАН ҚАҒЫ ҚАЛМАЙДЫ

# Жаңарған жылу жүйесі қаланы қалтыратпауға тиіс

Бытыр қыс ортасында жылусыз қалып, қалтыраған Екібастұз көп өмір үшін сабақ болды. Теміртауда да жылу өте кеш беріліп, тұрғындардың қатты жаурағаны да, жабырқағаны да бар. Әлбетте, енді бұл кемшілікке жол беруге әсте болмайды. Сол себепті де қазір жылыту маусымына дайындық қарқынды жүріп жатыр. Ресми ұйымдардың дерегіне, жылу құбырларының 70 пайызы ескірген. Биыл жаңартылатын құбырлардың жалпы ұзындығы 34 шақырымды құрайды. Бүгінде жұмыс жоспарға сай жүріп жатыр. Межеленген шаруаның шамамен 50 пайыздайы орындалған. Металлургия мекеніндегі жылу жүйесінің жөндеу барысы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тікелей бақылауында.

– Өткен жылы желудың кешігіп берілуіне бірқатар себеп бар. Өкінішке қарай, №2 және №3 магистраль бойынша мердігерлер жұмысты кеш тапсырды. Негізгі себеп – осы. Биыл осы қателікке қайта жол бермеу үшін жұмысты жеделдетіп жатырмыз. Жөндеу жұмыстарының көлемі де бытырғыдан артық. Қарастырылған қаржы көлемі 5 млрд теңгеден асады. Республикалық бюджеттен 1,2 млрд теңге бөліне, қалғаны қала бюджетінен қарастырылған. Қаладағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 425 шақырым. Биыл 34 шақырым жаңарды, дейді қала әкімі Ораз Тәуірбеков.

Бытырғы жылу беру маусымында 386 апат тіркеліпті. Апат жиі орын алған учаскелер жобадқа қамтылған. Қолға алған жұмыс нәтижесі мұндай кедергілердің санын алдағы уақытта азайтады деп күтілуде.

Қазіргі уақытта Республика даңғылы №1 жылу магистралі учаскесіндегі жұмыс қызу. Мұнда 2,4 шақырым құбыр жаңартылады. Мердігер – «НұрайСтрой» ЖШС. Бүгінде 1 шақырым құбыр жаңартылды. Мердігер компанияның техникалық директоры Ержан Малдыбаев 400 метр асыра орындап жатқандарын айта кетті.

– Металлургия қаласындағы Амангелді көшесінде 1 800 метрлік 531 құбырға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның 500 метрге жуығы еңсерілді. Бұдан бөлек, жол жиектері абаттандырылады. Тұрба полиуретанды оқшауланған. Полиэтиленді қабықшасы бар. Бұл құбырдың сапасын айғақтайды. Яғни тот баспауына септігін тигізбек. Алпысыншы жылдардағы жылу құбырлары шойыннан өндіріледі, заманауи құбырлар коррозияға төтеп бере алады. Құбыр бойына тартылған арнайы сымдар

автоматты түрде апат болған жерден хабар береді. Жаңа технология жылу сапасын жақсарттады, дейді Ержан Малдыбаев.

Құрылысқа қолданылатын материалдардың дені отандық өнім екенін айта кеткен жөн. Құбырлар Астана қаласында өндіріледі. Жаңа технология қашықтан басқару жүйесімен жабдықталған. Құбыр жарылса, дабыл бірден орталық басқару желісіне түседі. Қай жерде апат орын алғанын орталық құрылыс бірден әңғарады. Мұндай диспетчерлік бөлме әзірге Теміртауда жоқ, жоба-жоспарда бар.

№3 магистраль бойындағы Металлургия даңғылынан Теміртау көшесіне дейінгі аралықта да жылу желілері тұтастай ауыстырылып жатыр. «Жаңа құбырлар қажетті көлемде жеткізілді. Жұмысты тамыз-қыркүйек айларында мәреге жеткіземіз деген сенім бар. Құбырларға берілетін кепілдік – 20-30 жыл», дейді «Таир» ЖШС мердігер компаниясының ресми өкілі Асылбек Жантұрсынов.

Теміртау қаласының әкімі қаржыландыру мәселесі толықтай шешілгенін айтады. «Біздің білуімізше, жұмыс кезінде кедергілер жоқ. Тек қана мердігерлердің тарапынан белгіленген кестеге сәйкес жұмыстың жүйелі орындалуын күтеміз», дейді шаһар басшысы.

– Тағы бір мән беретін жайт – кей тұрғындар мен қоғам белсенділерінің тарапынан түсетін үй жөндеуіндегі құбыр ескірген деген арыз-шағым. Ол – негізсіз.



Суретті түсірген Жанкеш Әбділдин

Жылыту желілерін жаңарту жұмыстары «Аманат» партиясы және қоғамның сенімді өкілдерінің тікелей бақылауында, дейді қала әкімі Ораз Тәуірбеков.

Шаһар басшысы тек құбырларды жөндеумен шектелуге болмайтындығын атап өтті. ҚарГРЭС-1 және ЖЭО-2 жылу көздерін түбегейлі жаңарту қажеттігін алға тартты. Жылу энергиясының көлемі қаланың барлық нысандарын жылыту үшін жеткіліксіз деп танылып отыр. Жалпы тапшылық – 200 Гкал.

– Біз бұл мәселені бірнеше қырынан шешіп жатырмыз. Қазір 2-ЖЭО да жетінші қазандықтың құрылысы жүріп жатыр. Жеке сектор мен жекелеген заңды тұлғаларды газдандыру жүріп жатыр. Жылу желілерін ауыстыру бүгінде 30 пайызға дейін жететін жылу шығынын азайтады. Келер жылы ҚарГРЭС-1-ден

«Республика – Төлебаев» қиылысына дейінгі жаңа жылу магистралінің құрылысын бастауды жоғарлап отырмыз, дейді Ораз Қайсаулы.

Жетінші қазандықтың құрылысы жұмысы қатаң қадағалауда. Қазандықты орнату қазан айында аяқталады. Іске қосуға екі ай уақыт кетеді.

Дегенмен әкім аталған қазандықтың жұмысы кешігіп жатқанын кедергілердің барын жасырмады. Бұл мәселені облыстық деңгейде құрылым жұмыс тобының да қатаң бақылауында екенін атап өтті. Не десек те, шаһар басшысына жетінші қазандықтың жұмыс сапасы сын болғалы тұр...

Қасымхан ҒАЛЫМ, журналист

Қарағанды облысы

## Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 484-бабы екінші бөлігі 1) тармағының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істерді қассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» 2022 жылғы 10 наурыздағы №2 нормативтік қаулысының 2-тармағы үшінші абзацының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 14 шілдедегі №21-НҚ нормативтік қаулысы

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Ә.Ә.Азимова, судьялар А.Қ.Ескендіров, Қ.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Қ.С.Мусин, Б.М.Нұрмұханов, Е.Ө.Оңғарбаев, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Ударищев қатысқан құрамда,

өтініш субъектілері К.Е.Аушиновтың, О.А.Майлыбаеваның, М.Қадиржаннаның және С.Я.Кондратюктің (олардың өкілдері – адвокаттар Т.Е.Қожабековтің, Н.Қ.Жолболовтың, А.Т.Асылбековтің және А.Ж.Кемельхановтың),

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің өкілі – басшының орынбасары А.С.Мұралиевтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.Қ.Мұқанованың,

Республикалық адвокаттар алқасының өкілі – төрағаның орынбасары И.О.Вранчевтің қатысуымен, өзінің ашық отырысында К.Е. Аушиновтың, О.А.Майлыбаеваның, М.Қадиржаннаның және С.Я.Кондратюктің 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 484-бабы екінші бөлігі 1) тармағының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істерді қассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» 2022 жылғы 10 наурыздағы №2 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы) 2-тармағы үшінші абзацының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтініштерін қарады.

Баяндамашылар – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары Е.Ж.Сәрсембаевтың және А.Қ.Ескендіровтің хабарламаларын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық тәжірибеге талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

### анықтады:

Конституциялық Сотқа К.Е.Аушиновтың, О.А.Майлыбаеваның, М.Қадиржаннаның және С.Я.Кондратюктің қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша сот актілерін қассациялық тәртіппен қайта қарауға белгіленген шектеу бөлігінде ҚПК-нің 484-бабы екінші бөлігі 1) тармағының және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 2-тармағы үшінші абзацының Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына, 14-бабына, 39-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкестігін қарау туралы өтініштері келіп түсті.

Барлық өтініштер бір нысанға қатысты, осыған байланысты «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадан Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 49-бабының 2-тармағын басыпшыла ала отырып, Конституциялық Сот оларды бір конституциялық іс жүргізуге біріктірді.

Жоғарыда аталған ережелердің Конституцияға сәйкестігі мәселесін қарау кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады:

1. Конституцияда әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығына кепілдік беріледі, олар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс (13-баптың 2-тармағы, 39-баптың 3-тармағы). Осы конституциялық ережелерден мемлекет сот арқылы қорғалу құқығын заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап сот құрамының жүзеге асыруын қамтамасыз етуге міндетті екені көрінеді. Сот арқылы қорғалу құқығының дәл осындай түсіндірмесі Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде де (2005 жылғы 28 қарашадан Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, бұдан әрі – Халықаралық пакт) қамтылады.

Негізгі Заң әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығын іске асыру тәртібін айқындамайды. Конституцияның 61-бабы 3-тармағы 6) тармақшасының және 75-бабының мазмұнына бұл мәселелер сот жүйесінің ұйымдық-құқықтық құрылымын және сот төрелігін іске асыру рәсімдерін белгілейтін заңдарда реттелетіні көрінеді.

Негізгі Заңның 75-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес қылмыстық істер бойынша сот төрелігін тек сот қана қылмыстық сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырады.

ҚПК конституциялық кепілдіктерді дамыту үшін қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процес сатыларының, институттарының, сондай-ақ нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастауларын (9-бап); әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығын, әркімнің сот төрелігіне қол жеткізуді (12-бап); сот төрелігі барышынан заң мен сот алдында теңдігі бастауларында жүзеге асырылуын (21-бап) қылмыстық процестің қағидаттары ретінде таниды. Түрлі деңгейдегі соттардың құзыреті заңмен олардың жүргізуіне жағдайыңан істер бойынша айқындалады, бұл жағдайда процестік тәртіп барлық сотталушыларға қатысты бірыңғай және міндетті болып табылады және тұлғалардың бір тобына қандайда бір артықшылықтар жасамауға, сол сияқты ешкімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығына нұқсан келтірмеуге тиіс (Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 5 мамырдағы №8/2 нормативтік қаулысы).

2. Негізгі Заңның 76-бабының 3-тармағында соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші белгіленеді.

Конституциялық Сот 2023 жылғы 16 мамырдағы №13-НҚ нормативтік қаулысында «Конституцияда кепілдік берілген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығы мемлекеттің заңды күшіне енген сот актілерін апелляциялық тәртіппен қайта қарау шеңберінде істі мәні бойынша қайтадан қарау мүмкіндігімен бірінші сатыдағы сотта әділ талқылау үшін жағдайларды қамтамасыз етуін көздейді.

Заңды күшіне енген сот актісін жергілікті соттардың қызметін тиісінше ұйымдастырған кезде қассациялық тәртіппен өзгерту айрықша жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс. Осыған орай, оны қайта қарау негіздері құқықтық мемлекет негізінде жатқан құқықтық айқындылықты және әділдікті қамтамасыз етуге тиіс» деп атап өтті.

Заң шығарушы белгілі бір теріс құқықтық салдарға алып келген, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдардың дұрыс қолданылмауын заңды күшіне енген сот актілерін қассациялық тәртіппен қайта қарау негізі ретінде айқындады (ҚПК-нің 485-бабы). Мұндай дұрыс қолданбауды заң шығарушы қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша сот актілерін қассациялық тәртіппен қайта қарау негіздеріне жатқызады (ҚПК-нің 484-бабы екінші бөлігінің 1) тармағы және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 2-тармағының үшінші абзацы).

Осы қылмыстық істер бойынша сот қателіктері ҚПК-нің 485-бабында көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығымен қана қассациялық тәртіппен түзетілуі мүмкін (ҚПК-нің 484-бабының үшінші бөлігі). Осылайша, сот төрелігін іске асырудың қосымша кепілдігі болып табылатын қассациялық сатыға көрсетілген жол берілу және шектеу шарттары сақталған кезде рұқсат беріледі.

3. Конституцияның 14-бабының 1-тармағында кепілдік берілген заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деген қабылданатын заңдарда адамдардың құқықтарында объективті және ақылға қонымды негіздемесі жоқ айырмашылықтар белгіленбейді дегенді білдіреді.

Тең жағдайлар кезінде құқық субъектілері тең құқықтық жағдайда болуға тиіс. Конституциялық-құқықтық максаттарды көздемейтін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу шегі мәселесіне өзгеше көзқарас Конституцияның 39-бабына қайшы келетін болады.

Конституциялық Сот 2023 жылғы 6 наурыздағы №4 нормативтік қаулысында адамның құқықтары мен бостандықтарын кез келген заңнамалық шектеу заңды түрде негізделген максаттарға барабар болуға және әділдік, тепе-теңдік және мөлшерлестік талаптарына жауап беруге тиіс деп көрсетті.

Сот билігі жүзеге асырылатын қылмыстық сот ісін

жүргізуде заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деген конституциялық қағидаттың сақталуы талап етіледі.

Осы мағынада аталған конституциялық қағидатты іске асыру материалдық және процестік нормалардың біртұтастығы негізінде қорғау тәсілдерінде, сондай-ақ бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіруге тең болуды алдын ала айқындайды.

Қылмыстық процестік қатысушылардың түрлі процестік мүмкіндіктерінің болуы құқықтық нормалардың өз заң алдында жұрттың бәрі тең деген конституциялық қағидаттың ықпалында болуы мән-жайын жоққа шығармайды.

Бас Прокурордың мемлекет мүддесінде ғана емес, жәбірленушілердің де, сотталғандардың да мүддесінде қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша сот актілерін қассациялық тәртіппен қайта қарау туралы наразылық білдіру құқығы прокуратураның Республика аумағында заңдылықты сақтауына ықпал ететін құқықтары бар екенін атап өтті.

Сот алдында жұрттың бәрі тең деген конституциялық қағидат сот қызметіне тән. Осы қағидаттың құқықтық мазмұны кез келген мән-жайларға қарамастан әрбір адамға істі құзыретті және тәуелсіз соттың әділ және жария түрде талқылауын; сот дауын шешу процесінде заңнаманы нормаларының бәрі үшін тең қолданылуын; сот отырысында тараптардың процестік тең болуын қамтамасыз ететін бірыңғай сот жүйесінің болуына негізделген.

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең жөніндегі қос құраушы конституциялық ереже сот ісін жүргізудің ажырама элементтері болып табылады және әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығын (Конституцияның 13-бабының 2-тармағы) бекітетін басқа конституциялық нормалармен тығыз нормативтік құқықтық тұтастыққа болады.

4. Конституциялық Соттың 2023 жылғы 16 мамырдағы №13-НҚ нормативтік қаулысында Жоғарғы Соттың бірінші және апелляциялық сатыларында сот актілерін қайта қарауға негіздер құқықтық мемлекет табиғатынан туындайды, мұнда адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын елестіру бұзуға әкеп соғытын сот қателіктерін түзетіндігі пәрменді тетігінің болмауына жол берілмейтіні атап өтілді.

Конституцияда қандай да бір сот ісін жүргізу нысанындағы сот сатыларының саны бойынша белгілі бір талаптар белгіленбейді. Конституциялық Кеңес бұған дейін сот арқылы қорғалу құқығын сот актілеріне шағымдану құқығын да қамтиды деп таниды (1999 жылғы 5 мамырдағы №8/2, 2000 жылғы 10 шілдедегі №14/2, 2006 жылғы 14 сәуірдегі №1 нормативтік қаулылар). Олардың санын айқындау кезінде заң шығарушының сот билігінің конституциялық мақсатын – «азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді» (Конституцияның 76-бабының 1-тармағы) ескеруі талап етіледі.

Халықаралық пактіге (14-баптың 5-тармағы) сәйкес қайсыбір қылмыс үшін сотталғандардың қай-қайсысының болмасын өз айыпталушының және шығарылған үкімнің заңға сәйкес жоғарғы тұрған сот тәсілінде қайта қаралуына құқығы бар. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті 2007 жылғы 23 тамыздағы №32 жалпы тәртіп ескертпесінде: «Халықаралық пактінің 14-бабының 5-тармағы, егер бірінші сатыдағы сот шешімі түпкілікті болып табылған жағдайда ғана емес, сондай-ақ ішкі заңнамға сәйкес төменгі сатыдағы соттың ақтау үкімінен кейін апелляциялық сот немесе соңғы сатыдағы сот шығарған айыптау үкімін жоғары тұрған сот қайта қарайтын жағдайда да бұзылады. Елдің жоғары соты бірінші және жалғыз сатыдағы сот ретінде әрекет ететін жағдайларда, жоғары тұрған соттың қайта қарау құқығының болмауы адамның тиісті қатысушы мемлекеттің жоғарғы сотында сотталу фактісі арқылы өтелмейді; мұндай жүйе, егер тиісті қатысушы мемлекет осыған қатысты ескерту жасаған жағдайда қоспағанда, Пактімен үйлеспейді» деп атап өтеді.

Конституцияның 13-бабының 2-тармағымен және 14-бабының 1-тармағымен бірге 76-бабының 1-тармағын осылай конституциялық-құқықтық түсінуді ескере отырып, қылмыстық құқық бұзушылық түріне және қылмыстар санына қарамастан адамдардың қассациялық сатыға қол жеткізу құқығын іске асыру тәртібін жетілдіру мақсатында ҚПК-нің және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының дау айтылып отырған нормаларына түзетулерді псықтау ұсынылады.

5. Материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданбау салдарынан адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елуелі түрде бұзатын сот қателіктерін түзетуге мүмкіндік беретін, қылмыстық істі мәні бойынша шешетін заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың заңды көзделген құқықтық мүмкіндігі Конституцияға сәйкес келеді.

Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау, шын мәнінде, олардың кесімділігін еңсеру мүмкіндігін білдіреді, сондықтан заң шығарушыға оларды қайта қараудың процестік тиімділік, сот арқылы қорғалу құралдарын пайдалануға үндемелі және сот төрелігін іске асырудың ашықтығы талаптарына сай келетін институционалдық және рәсімдік шарттарын көздеу қажет.

Сонымен қатар көрсетілген сот актілерін қайта қарау тәртібі сот талқылауын қолдан созу мүмкіндігіне жол бермеуге тиіс. Сот шешімінің заңды күшін уақтылы мойындау және оны іске асыру қылмыстық процестік қатысушылардың құқықтық айқындылығын және мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз етеді.

Демек, сот шешімдерін қассациялық сатыда қайта қарау негіздерінің айрықша сипаты Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар, қабылданатын сот шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының (Конституцияның 76-бабының 3-тармағы) тұрақтылығы, кесімділігі және Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылатын сот төрелігі қағидаттары (Конституцияның 77-бабының 3 және 4-тармақтары) арасында ақылға қонымды теңгерімді қамтамасыз етуге тиіс.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын, 74-бабының 3-тармағын, Конституциялық заңның 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын, 64-бабының 3-тармағын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басыпшыла ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

### қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 484-бабы екінші бөлігінің 1) тармағы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істерді қассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» 2022 жылғы 10 наурыздағы №2 нормативтік қаулысының 2-тармағының үшінші абзацы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған, қылмыстық құқық бұзушылық түріне және қылмыстар санына қарамастан қассациялық сатыға қол жеткізу бөлігіндегі құқықтық ұстанымдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінен одан әрі жетілдіруге бағытталған заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізуге бастамашылық жасау ұсынылсын.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді. Республиканың бүкіл аумағында жалпы бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді басыпшыла басқарушының, құқықтық аппараттың бірыңғай жүйесінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

## Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 5-тармағының жекелеген ережелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 14 шілдедегі №22-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Ә.Ә.Азимова, судьялар А.Қ.Ескендіров, Қ.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Қ.С.Мусин, Б.М.Нұрмұханов, Е.Ө.Оңғарбаев, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Ударищев қатысқан құрамда,

өтініш субъектілері С.А.Курбановтың, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілі – судья А.С.Сыбаевтың,

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің өкілдері

– Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі Н.О.Сисенованың және аппарат басшысының орынбасары Л.С.Құрманбаеваның,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың аға маңындағы тапсырмалар жөніндегі аға көмекшісі М.Т.Кемаловтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.Қ.Мұқанованың,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілі – төраға орынбасары С.С.Мүксімовтің қатысуымен,

өзінің ашық отырысында С.А.Курбановтың «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 34-бабы 5-тармағының жекелеген ережелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы А.Е.Жатқан





**(Соңы. Басы 7-бетте)**

Өтініштен және ұсынылған материалдардан өтініш берушінің судья ретіндегі өкілеттігі Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның оның кәсіби жарамсыздығына байланысты атқаратын лауазымға сай келмейтіні туралы шешімі негізінде (Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 11) тармақшасы) тоқтатылғанын түсінуге болады.

Конституциялық заңның 34-бабының 5-тармағына сәйкес судьялардың өкілеттіктерін тоқтатудың осы баптың 1-тармағының 5), 11) және 11-1) тармақшаларында көзделген негіздері теріс себептер деп танылады.

Өтініш субъектісі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (16-баптың 3-тармағының 14) тармақшасы, бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет туралы заң), «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (6-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы, бұдан әрі – Құқық қорғау қызметі туралы заң) және «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (7-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы, бұдан әрі – Арнаулы мемлекеттік органдар туралы заң) императивтік нормаларына сілтеме жасай отырып, судьяның өкілеттігін теріс себептермен тоқтату еңбек ету бостандығы, қызмет және кәсіп түрін еркін таңдау конституциялық құқығын іске асыруына кедергі келтіреді және құқықтарының өмір бойы шектелуіне әкеп соғады деп пайымдайды.

Конституциялық заңның 34-бабы 5-тармағының аталған ережелерінің конституциялылығын тексеру кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы).

Адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес оларды тану мен олардың кепілділігі туралы; оларды абсолютті және ешкім айыра алмайды деп тану, әркімге тұмысынан тәсілілі болу; заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын айқындау туралы ережелердің (Конституцияның 12-бабы) іргелілігінен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Негізгі Заңның 4-бабы 1-тармағының негізінде қолданыстағы құқықтың құрамда бөлігі болып табылатын ратификацияланған халықаралық шарттар шеңберінде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау жөніндегі міндеттемелерді ұстанады.

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 21 қарашадағы Заңмен ратификациялаған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге (бұдан әрі – Халықаралық пакт) сәйкес мемлекеттер Пактіде жарияланған құқықтардың қандай да болмасын кемсітусіз жүзеге асырылатынына және заңнамалық шаралар қабылдауды қоса алғанда, барлық тиісті тәсілдермен танылатынына кепілдік береді міндеттенеді.

Еңбек ету бостандығы, қызмет және кәсіп түрін еркін таңдау құқығы іргелі конституциялық құқық болып табылады (24-бап). Ол еңбекті еркін таңдау немесе қандай да бір кемсітусіз және мәжбүрлеуісіз еңбек етуге еркін келісу құқығын, өзінің еңбекке қабылтылғанына билик ету, кәсіп және қызмет түрін таңдау құқығынан қамтиды (2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 5-бабы). Бұл Халықаралық пактінің 6-бабы 1-тармағының ережелерімен үйлеседі, онда осы құқық өмір сүру үшін ақша табу мүмкіндігі ретінде, яғни өмірлік қажетті шарт ретінде тікелей қарастырылады.

Еңбек ету бостандығы, қызмет және кәсіп түрін еркін таңдау құқығы азаматтардың мемлекеттік қызметке (оның жекелеген түрлеріне) қол жеткізуге тең құқығын іске асыруға, сондай-ақ судья лауазымдарына орналасуға тікелей байланысты (Конституцияның 33-бабының 4-тармағы, 79-бабы).

Еңбек қызметінің барлық осы түрлері кәсіби болып

табылады, олар адамның еңбек тиімділігін қамтамасыз ету және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін арнайы білімін, ікеміннің, дағдылары мен басқа да қажетті қасиеттерінің болуын көздейді.

2. Республикада сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды (75-баптың 1-тармағы, 76-баптың 1-тармағы).

Судья Конституцияда және Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болып табылатын, мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады (Конституциялық заңның 23-бабының 1-тармағы). Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады (Конституцияның 77-бабының 1-тармағы).

Сот билігінің конституциялық мақсатын тиісінше іске асыруды қамтамасыз ететін сот төрелігін жүзеге асыру судьяларға, оларды тағайындау тәртібіне және сот қызметіне, сондай-ақ өкілеттіктерін тоқтатуға қойылатын ерекше талаптар белгілеуге себепші болады.

Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар Конституциялық заңда айқындалады (Конституцияның 79-бабының 3-тармағы). Конституциялық заңда судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар көзделген (29-бап). «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Жоғарғы Конституциясының Заңында судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеудің негізгі өлшемшарттары ретінде жоғары білім деңгейі, биік моральдық-адамгершілік қасиеттер және мінсіз бедел белгіленген (18-баптың 2-тармағы).

Судьяларды тағайындауды Қазақстан Республикасының Президенті бірқатар рәсімдер өткізілінен кейінгі Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша жүзеге асырады. Құқықты білу мен қолдануға қойылатын елеулі талаптар, тәуелсіздік пен бейтараптық қағидаттарын ұстану, судья әдебі нормаларын сақтау судьялардың мансаптық өсуі үшін қажет.

Конституцияның 79-бабының 1-тармағына сәйкес судья өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздер бойынша тоқталуы немесе тоқтатылуы тұруы мүмкін, біл, Конституциялық Соттың пікіріне, сот қызметінің өзіндік ерекшелігімен және судьяның ерекше мәртебесімен алдын ала айқындалған (2023 жылғы 21 сәуірдегі № 10 нормативтік қаулы).

Конституциялық заңның 34-бабының 5-тармағында төрағаның, сот алқасы төрағасының және судьяның өкілеттіктерін тоқтатудың теріс себептеріне Сот төрелігінің мемлекеттік қызметінің комиссияның кәсіби жарамсыздығына байланысты судьяның атқаратын лауазымына сай келмейтіні туралы шешімі жатқызылған (34-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы).

Бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қарашадағы 40/32 және 1985 жылғы 13 желтоқсандағы 40/146 қарарларымен мақұлданған Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттарымен үйлеседі, оларға сәйкес судьялар өз міндеттерін орындай аламына байланысты немесе атқаратын лауазымына сай келмейтін міндет-құлық үшін ғана лауазымынан шеттетілуі немесе жұмыстан шығарылуы мүмкін (18-тармақ).

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімі жұмыс істеп жүрген судьялардың білкілігін бағалау туралы материалдарды қарау нәтижелері бойынша шығарылады (Конституциялық заңның 44-бабының 1-тармағы).

Судьяның кәсіби қызметін бағалау деп оның кәсіби білімінің деңгейі және оны сот төрелігін іске асыру кезінде қолдана білуін, сот қызметінің нәтижелерін, судьяның іскерлік пен адамгершілік қасиеттерін және оның Конституциялық заңда және Судья әдебі кодексінде қойылатын талаптарға сай келуін бағалау танылады. Судьяның кәсіби қызметін бағалау

судьялар корпусының сапалық құрамын жақсарту, кәсіби білкілікті бағалау және оның өсуін ынталандыру, істерді қарау кезінде заңдылықты нығайтуға жауапкершілікті арттыру, азаматтардың құқықтары мен қоғамның мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі (Конституциялық заңның 30-1-бабының 1-тармағы).

Судьяның кәсіби жарамсыздығына байланысты атқаратын лауазымына сай келмейді деп танылуы сот төрелігін іске асыру сапасының төмен көрсеткіштеріне, судья әдебі нормалары мен еңбек тәртібінің сақталмауына байланысты (Конституциялық заңның 30-1-бабының 2-тармағы).

Конституциялық Сот заң шығарушының Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіби жарамсыздығына байланысты судьяның атқаратын лауазымына сай келмейтіні туралы шешімін судья өкілеттігін тоқтатудың теріс себептеріне жатқызуы судьяның кәсіби қызметін бағалаудың белгіленген мақсаттарын көздейді және тек дербес мәнге не деп пайымдайды. Мәселен, осы негіз бойынша өз өкілеттігін тоқтатқан судьялар судья лауазымдарына, олар үшін аударылған қосымша міндетті зейнетақы жарналары алуына және басқа да артықшылықтарға қайта үміткер бола алмайды (Конституциялық заңның 29-бабы 2-тармағының 7) тармақшасы, 35-1-бабының 2-тармағы). Тұтастай алғанда, мұндай тәсіл негізді және Конституцияға қайшы келмейді.

3. Конституцияның 33-бабының 4-тармағында Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар деп белгіленген.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы, Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қызмет мемлекеттік қызметтің ерекше түрлері деп танылады (Арнаулы мемлекеттік органдар туралы заңның 1-бабының 6) тармақшасы, Құқық қорғау қызметі туралы заңның 1-бабының 6) тармақшасы және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 16) тармақшасы, бұдан әрі – Әскери қызмет туралы заң).

2023 жылғы 6 наурыздағы № 4 нормативтік қаулында Конституциялық Сот мемлекеттік қызметтің мінсізсізін, мемлекеттік қызметшілердің ерекше құқықтық мәртебесін, олардың алдына қойылған міндеттердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, мемлекет азаматтар үшін, кандидаттарға қойылатын талаптарды және тиісті шектеулерді қоса алғанда, мемлекеттік қызметке кіру және оны өткеру қағидаларын айқындауға құқылы, бұлар мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық сенімін және берілген өкілеттіктердің теріс пайдаланылуына жол бермеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін деп атап өтті.

Конституциялық Сот сот жүйесінде қолданылатын қарлық және өзге де олармен байланысты мәселелерді түше тәсілдерін мемлекеттік қызмет саласында автоматты түрде қолдануға болмайды деп есептейді. Судьяларға қана қолданылатын арнайы әдістеме бойынша бағалау жүргізу кезінде анықталған судьяның кәсіби жарамдылығының жеткіліксіздігі, басқа да кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған кезде, алдағы уақытта өзге қағидаттарды негізге алатын және өзіндік ерекшеліктері бар мемлекеттік қызметке кіруге кезінде шартсыз және мерзімсіз кедергі болмауы тиіс. Судьялар мен мемлекеттік қызметшілерге қойылатын білкілікті талаптарын теңдестіру Конституцияның 33-бабы 4-тармағының мазмұнынан туындайды, оған сәйкес мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттерін сипатына ғана байланысты болады және заманмен белгіленеді.

Бұл тұжырым қолданыстағы мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың ережелерінен де туындайды, онда мазмұны жағынан ұқсас, бірақ салдары бойынша айырмашылығы бар талаптар мен рәсімдер көзделген.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін негіз болатын аттестаттаудың теріс нәтижелері және олардың қызметін бағалауды қанағаттанарлықсыз нәтижелері теріс себептер ретінде

танылмайды. Бұлар мемлекеттік қызметке қайта кіруге кедергі болмайды (Мемлекеттік қызмет туралы заңның 16-бабының 3-тармағы, 61-бабы 1-тармағының 19) және 20) тармақшалары және 3-тармағы). Өзінің лауазымдық өкілеттігін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін екілетті жаоғартуына байланысты Республика Президентінің шешімімен, яғни теріс себептермен жұмыстан шығарылған мемлекеттік саяси қызметшілер үшін жылдан кейін мемлекеттік қызметке қайтадан лауазымдарға орналаса алады. Мемлекеттік қызмет туралы заңда әкімшілік жаза тағайындауға негіз болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық немесе ошаа ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған, сот белгілі бір мерзімге мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырыған адамдардың мемлекеттік қызмет лауазымдарына орналасуына белгілі бір кезең өткеннен кейін жол беріледі (16-баптың 3-тармағы, 59-баптың 15-1) тармақшасы, 60-баптың 5-тармағы).

Жұмыстан шығарудың теріс себептерінің түрлі тізбелері Құқық қорғау қызметі туралы заңда (80-баптың 3-тармағы), Арнаулы мемлекеттік органдар туралы заңда (51-баптың 14-тармағы) және Әскери қызмет туралы заңда (26-баптың 2-тармағы) көзделген.

Түрлі салалардағы өкілеттіктерді тоқтатудың жекелеген негіздерінің сипаты мен салдарындағы айырмашылықтар құқықтық реттеуде теңгерімсіздікке алып келеді және қажеттілік, әділдік пен мөлшерлестік қағидаттарына сай келмейтін шектеулер белгілеу арқылы еңбек ету бостандығына, қызмет және кәсіп түрін еркін таңдауға байланысты конституциялық құқықтардың бұзылуына жағдай жасайды.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптары және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

**қаулы етеді:**

1. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабының 5-тармағы төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын:

кәсіби жарамсыздығына байланысты атқаратын лауазымына сай келмейді деген теріс себеппен өкілеттіктің тоқталуы лауазымынан босатылған судья үшін құқықтық салдарға әкеп соғу «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы шеңберінде ғана болуы тиіс;

көрсетілген себеппен судья лауазымынан босатылған азамат өзге де салаларда, оның ішінде мемлекеттік қызметте еңбек ету бостандығына конституциялық құқығын іске асыра алады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда қамтылатын құқықтық ұстанымдарына сәйкес, қоспикт жарамдылығы бағалаумен байланысты, мемлекеттік қызмет түрлеріне қол жеткізу бойынша шектеулер мөлшерлестігін қамтамасыз етуге бағытталған жан босатын енгізіс.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалғыз бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді бәспасөз баслымдарында, құқықтық ақпараттың бірінші жағйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

## Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 127-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 14 шілдедегі №23-НҚ нормативтік қаулысы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**  
Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә.Азимова, судьялар А.К.Екендіров, А.Е.Жақанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Б.М.Нұрмұхамедов, Е.Ө.Өнгарбаев, Р.А.Полпորгоро, Е.Ж.Сәрәмбаев және С.Ф.Ударовты қатысқан құрамда, өтініш субъектісі Е.З.Зарировтің,

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің өкілі – басшының орыбасары А.С. Муралиновтің,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр Б.Ш. Жақселекованың,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілі – Заң департаментінің директоры Қ.С. Дүйсеімбековтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Е.З.Зарировтің 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 127-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы А.К.Екендіровтің хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, халықаралық тәжірибеге, Қазақстан Республикасының және жекелеген шет елдердің заңнамасына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

**анықтайды:**

Конституциялық Сотқа ҚПК-нің 127-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-тармағына және 77-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті.

Өтініш субъектісі ҚПК-нің 127-бабының екінші бөлігін өзі ұсынған мынадай редакцияда Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тануды сұрайды: «Соттың азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген, істі мән бойынша шешетін шешімі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін және қылмыстық іс бойынша анықталған мән-жайларға да, шығарылған адам бойынша оларға құқықтық баға беруге де қатысты сот үшін міндетті». Өтініш субъектісі ҚПК-нің 127-бабы екінші бөлігінің өзі ұсынған редакциясының қолданысқа енгізу күнін 2015 жылғы 1 қаңтарды, яғни ҚПК-нің қолданысқа енгізу күнін белгілеу қажет деп есептейді.

Конституциялық Сот отырарсы барысында өтініш субъектісі «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 42-бабы 3-тармағы 1) тармақшасының тәртібімен қолданыстағы ҚПК-нің 127-бабының екінші бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп таныды сұрады.

Өтініштен және ұсынылған материалдардан Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының №2 аудандық сотының 2021 жылғы 6 мамырдағы заңды күшіне енген үкімімен оның 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 190-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағы бойынша сотталғанын түсінуге болады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 18 қаңтардағы қаулысымен оған қасицациялық сатыдағы сотта қылмыстық іс бойынша сот актілерін қайта қарау туралы өтініштер беруден бас тартылды.

Қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылған В.В.Куликowitz өтініш субъектісінен 8 600 000 теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын, залалды – 700 000 теңгені және сот шығыстарын өндіріп алу туралы азаматтық талап қоюы сот үкімі шығарылғанға дейін Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен қанағаттандырылған . Өтініш беруші сот шешімін толық көлемде орындаған.

Сот сатылары өтініш берушінің өз әрекеттерін азаматтық-құқықтық қатынастардан түйіндейтін әрекеттер ретінде саралау бөлігіндегі дәлелдерін негізсіз деп таныды. ҚПК-нің 127-бабының екінші бөлігін қолданған соттардың түйіндеріне сәйкес соттың азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімі сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін оқиганын немесе әрекеттің орын алғаны не алмағаны туралы мәселе жөнінде ғана міндетті және бұл сотталушының кінәлі немесе кінәсіз екендігі туралы түйіндерді алдын ала шешуеге тиіс.

ҚПК-нің қаралын отырған нормасының конституциялылығын тексеру кезінде өтініш нысанына қатысты Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы).

Негізгі Заң әркімге әділ сот төрелігі құқығына кепілдік береді.

Конституцияның 13, 14, 75 – 79-баптарында сот төрелігін жүзеге асырудың мән мен мазмұнын айқындайтын сот ісін жүргізудің бастылық қағидаттары, сондай-ақ қылмыстық қудалауға тартылатын адам құқықтарының конституциялық кепілдіктері белгіленген.

Конституцияда әркімге өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығы берілген отырып, әркімнің сот арқылы қорғау құқығы, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең болу, бір келген себептер мен мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітуге қол бермеу бекітілді.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады және өзіне әркімнің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Адамға кінәсіздік презумпциясына кепілдік берілген, оған сәйкес адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Сол бір құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға болмайды.

Адамды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға жол бермеу жөніндегі конституциялық қағидат ешкімді де сол бір құқық бұзушылық үшін көрсетілген заңдық жауаптылық түрлеріне қайта тартуға болмайды дегенді білдіреді.

2. Конституциялық Кеңес пен Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерінде құқықтардың немесе бостандықтардың белгілі бір түрін конституциялық деңгейге дейін жеткізу және Конституцияда олардың кепілділігіннің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтардың іске асырылуын қамтамасыз етуді өз міндетіне алатындығын білдіреді деп атап көрсетеді. Конституцияда заң шығарушыға мемлекет пен қоғамның ерекше қорғалатын қызығары мен құндылықтарына төнетін сінділарға қарабар ден қою, заң нормаларын белгілеу және Конституцияға сәйкес және және заңды түгпалар қызметінің шарттарын және олардың жауаптылығын заңда айқындау мүмкіндігі беріледі. Процестік заңда әргүрлі санаттағы істер үшін соттылық айқындалған кезде істердің өзіндік ерекшелігі, күрделілігі, қоғамдық маңыздылығы, оларды тез және тиімді шешуді қамтамасыз ету қажеттігі ескеріледі (1997 жылғы 6 наурыздағы №3, 1999 жылғы 12 наурыздағы №3/2, 2005 жылғы 23 тамыздағы №6, 2009 жылғы 11 ақпандағы №1, 2023 жылғы 16 мамырдағы №13-НҚ, 2023 жылғы 22